

**Мәскеу және бүкіл Русь Патриархы КИРИЛЛДІҢ
архипастырлерге, пастырлерге, диакондарға, монахтарға және
барлық Орыс Православие Қауымының сенімді балаларына Пасхалық
жолдауы**

**Сүйікті аса қасиетті архипастырлар, қадірлі пресвитерлер мен
диакондар, Құдайды сүйген иноктар мен инокинялар, қымбатты аға-
інілер мен әпке-қарындастар!**

Дүниенің Құтқарушысының Өлімнен Тірілу ұлы және жарқын мейрамында рухани мерекелікпен, Оның қабірден шыққанын көз алдыма келтіріп, өмірбегітетін, рухани күшке толы, кері айналмайтын шындық және қуанышты дауыспен сендердің барлығыңа айтамын:

ХРИСТОС ТІРІЛДІ!

Нұрлы пасхалық түн, адам баласына Құдайдың толық махаббатын көрсетеді, онымен Аспан Әкенің мәңгі Ұлы Өзіне адам табиғатын қабыл алып, оны күнәдан жазып, тозақтың түбіне түсіп, өлімнің бұғауын қиратып, бізге өзіміздің Жаратушымызбен және Қамқоршымызбен бірге болуға бағасыз мүмкіндік берді.

Құдай Иенің бұл барлығын қамқорлығына алатын махаббатында болып, біз *бұл ғасырдың түн дүние басқарушыларына қарсы, аспан асты жауыз жындыларына қарсы* (Еф. 6, 12) жеңілмейтін қаруға ие боламыз. Біздің табиғатымыздың жеткізсіздігінен болған қорқынышты жеңіп, дүниенің қандайда болса үндеуіне қорқыныссыз қарай ала аламыз. Өйткені *махаббатта қорқыныш жоқ, бірақ толықты махаббат қорқынышты қуады* (1Ин. 4, 18).

Ізгі Хабардың бізге Жаратқан Иенің Өзінің жолын қуушыларының беріктету үшін және рухратын күшейту үшін: *Қорықпа!* деп айтқан сөзін бірнеше рет келтіретіні кездейсоқ емес. Болашаққа бола қорқыныш, қауіп-қатерге, белгісіз, алдамшы әлде айқын қауіптілікке бола қорқыныш – бұл сезім көпке таныс. Бірақ Жаратқан Иеміз бізбен бірге, егер тек біз өзіміз Оны қабыл алмағандай болмасақ. Оның өлімді жеңу даңқтау күні Құтқарушы әр қайсымызға: *Қорықпа, бірақ тек сен!* (Мк. 5, 36), – дейді.

Біздің бұл ғасырдың тақыс рухына қарама-қарсылығымыз, Мәңгі Шындықтың нақты растауы болсын. Өйткені, дегенмен біз кәзір қоғамдық және діндік бостандық шартында болып, христиандық адамгершілік қағидасына сәйкес өмір сүруге ынталануымыз, бұрынғысындай ағымға қарсы қимылды білдіреді. Ол күнәні ақтаулықта таптаурын тәліміне және айқындама көзқарастарға қарсылықты көрсетеді.

Жаратқан Иемізге көңілімізді аударып, біз рухани бостықтан және дүниеде паталық еткен өзімшілдіктен босап шығып, Өлімнен Тірілу жарығын көріп, Аспан Қаласына баруға жол көрсететін бағыт ретінде қабыл аламыз.

Бұл бағытта мәңгілікке апарар күштің көз қайнары бір Ехваристиялық тостағанға қатысушылық болсын. Бізді Ең Киелі Тынның нұр жауған берекесі нығайтып, біздің жандарымызға тартып алынбайтын тыныштық, сенімге беріктік, жақсы істерге олжалы болуды берсін.

Христостың Тәні мен Қанын қабыл алып, біз, Киелі Жазуда айтылғандай, *Құдай табиғатына* (2 Пет. 1, 4) қатысты болып, өзіміздің табиғи күйімізді өзгерте аламыз. Қатысушылық болу арқылы біз, біз үшін *Өзіне құл бейнесін алып қорлап, адамға тәрізді болып және түрімен адам сияқты болып; Өзін өлімге дейін көндіргенге, кресті өліміне дейін көндіргенге* (Флп. 2, 7-8) ұқсас болуға мүмкіндік аламыз.

Өзіңнің адамгершілікті, рухани өзгерісің, қоғамдағы, халықтағы, елдегі өмірдің басқа түрге енуінің басты кепілі болып табылады. Бүтінді жақсыға өзгерту, бөліктерін әбден жетілдірмеуден бұрын мүмкін емес. Әр жастағы адамдардың, әлеуметтік және саясатты топтардың дұрыс ой шабыттары Отанымыздың аман-есендігін тікелей анықтайды. Барлық тарихи Русь мемлекеттерінің, біздің Шіркеуіміздің, ақырғы мағынасында – Жаратушының бізге сақтау үшін және *қорғау үшін* (Быт 2, 15) тапсырған барлық Құдай жаратқанының дамуы біздің өмірлік бағыттарымызға байланысты.

Қымбаттыларым менің, барлықтарыңа мінәжат ете Өлімнен Тірілген тозақтың Жеңілпазына күші кетпейтін қуанышта болуды және күнделікті еңбектеріңе жоғарыдан берекелі мол көмек болуын тілеймін. Әумин.

ШЫНЫМЕНДЕ ХРИСТОС ТІРЛДІ!

+ КИРИЛЛ,

МӘСКЕУ ЖӘНЕ БҮКІЛ РУСЬ ПАТРИАРХЫ

Христос Пасхасы

2012 ж.

Мәскеу қаласы